



رئاسة الشؤون الدينية
بالمسجد الحرام والمسجد النبوي

Қазақ тілі

қазахи

أَنَا مُسْلِمٌ

Мен – мұсылманмын



Әл-Харам мешіті мен Пайғамбар мешітінің діни
істерін басқару жөніндегі ғылыми комитеті

أَنَا مُسْلِمٌ

Мен – мұсылманмын

اللَّجْنَةُ الْعِلْمِيَّةُ

بِرئاسة الشؤون الدينية بالمسجد الحرام والمسجد النبوي

Әл-Харам мешіті мен Пайғамбар мешітінің діни
істерін басқару жөніндегі ғылыми комитеті

Мен - мұсылманмын

Мен мұсылманмын, яғни бұл – менің дінім Ислам екенін білдіреді.

Ислам – алғашқы пайғамбардан соңғысына дейін (оларға Алланың сәлемі болсын) мұра болып жеткен ұлы да қасиетті сөз.

Бұл сөз асқақ мағыналар мен ұлы құндылықтарды қамтиды.

Ол – Жаратушыға толықтай мойынсұнып, бағыну мен құлшылық етуді білдіреді.

Бұл – әрбір жан мен бүкіл қоғамға бейбіт өмір, татулық пен тыныштық, бақыт пен амандық әкелетін ұғым.

Сондықтан «Әс-Сәлам» мен «Әл-Ислам» шариғатта ең жиі кездесетін сөздердің қатарына жатады.

"Әс-Сәлам" - Алланың есімдерінің бірі.

Мұсылмандардың өзара амандасуы - Әс-Сәлам сөзі арқылы жүзеге асады.

Сондай-ақ, жәннаттықтардың бір-бірімен амандасқаны - "әс-Сәлам" болады.

Шынайы мұсылман – өзге мұсылмандар оның тілі мен қолынан аман болған кісі.

Ислам – бүкіл адамзатқа арналған ізгілік діні; Ол барлығына да сыйымды. Сонымен бірге,

Ислам – дүние мен ақыреттегі шынайы бақытқа жеткізетін тура жол.

Сондықтан бұл – соңғы, бәрін қамтушы, кең және баршаға бірдей ашық дін болып келді. Ол бір нәсілді екінші нәсілден, бір түсті екінші түстен артық санамайды, қайта барлық адамға бірдей көзқараспен қарайды.

Исламда адамдар тек оның тағылымы мен нұсқауларын басшылыққа алуына қарай ғана ерекшелене алады.

Сондықтан оны табиғаты бұзылмаған барлық жан иелері қабылдайды, өйткені ол болмыс жаратылысына үйлеседі.

Әр адам жаратылысы бойынша жақсылыққа, әділетке, еркіндікке бейім туады; Раббысын сүйіп, құлшылықты басқаға емес тек Соған ғана орындау лайықты екенін біледі.

Бұл – адамның фитрасы; оны ешкім өзгерте алмайды, тек оны өзгертетін бір күш болмаса.

Әрі бұл дін – адамдар үшін олардың Жаратушысы, Раббысы және тек Оған құлшылық етуге лайық Аллаһ разы болған діні.

Дінім – Ислам маған осы дүниеде өмір сүретінімді, ал өлгеннен кейін адамдардың жұмаққа немесе тозаққа баратыны анықталатын мәңгілік мекенге көшіп, қоныс аударатынымды үйретеді.

Менің дінім – Ислам маған дұрыс істерді бұйырып, тыйым салынған нәрселерден тыяды.

Егер мен сол бұйрықтарды орындап, тыйым салынған істерден аулақ болсам, дүние мен ақирет бақытына кенелемін.

Ал егер немқұрайлық танытсам, дүние мен ақиретте салғырттығым мен кемшілігімнің мөлшеріне сай жазасын аламын.

Исламның маған бұйырған бұйрықтарының ең үлкені - Алланы құлшылықта бірлеу.

Сондықтан мен толық сеніммен куәлік етемін, Аллаһ – менің Жаратушым әрі құлшылығыма лайық Раббым екеніне.

Ендеше мен тек Аллаға құлшылық етемін; Оны сүйіп, жазасынан қорқып, сауабын үміт етіп Оған тәуекел етемін.

Бұл таухид – Алланың бір екеніне және Оның пайғамбары Мұхаммедтің ﷺ елші екеніне куәлік беру арқылы көрініс табады.

Мухаммад - пайғамбарлардың соңғысы. Аллаһ оны әлемдерге мейірім етіп жіберіп, пайғамбарлық пен елшіліктерді онымен тәмамдады. Одан кейін пайғамбар келмейді.

Ол әрбір заманға, мекенге және барша үмметтерге жарамды жалпы дінді әкелді.

Менің дінім маған періштелерге және барлық елшілерге шынайы иман келтіруіме бұйырады. Елшілердің ең үлкендері: Нух,

Ибраһим, Муса, Иса және Мухаммад (барлығына Алланың сәлемі болсын!).

Сондай-ақ, дінім маған пайғамбарларға түсірілген сәмауи кітаптарға иман келтіруді, сол кітаптардың соңғысы да, аяқтаушысы және ең ұлысы - Қасиетті Құранға ілесуді бұйырды.

Дінім маған ақырет күніне де иман келтіруіме бұйырады. Сол күні адамдар өз амалына сай сыйын алады.

Әрі, ол маған тағдырға иман келтіруді, бұл өмірде болып тұратын жақсылық пен жамандыққа разы болуды, сондай-ақ құтылу себептерін қолға алуды бұйырады.

Тағдырға сену маған жан тыныштығын, жайбарақаттылық, шыдамдылық және қолдан кеткен нәрселерге өкінбеу қасиеттерін дарытады.

Өйткені мен анық білемін: маған тиетін нәрсе мені айналып өтпейді, ал мені айналып өткен нәрсе маған тимейді.

Барлық нәрселер Аллаһ тарапынан өлшеніп, жазылып қойған. Маған тек себептерін жасау және одан кейін болғанына разылық таныту қалып тұр.

Ислам діні маған рухымды тазартатын ізгі амалдар жасауды және Раббымды разы қылатын мінездер қалыптастыруды бұйырады. Сонымен бірге, ізгі амалдар мен көркем мінездер жанымды кіршіксіз, жүрегімді

бақытты, көкірегімді кең, жолымды нұрлы қылып, өзімді қоғамның пайдалы мүшесіне айналдырады.

Сол амалдардың ең маңыздысы: Алланы бір деп білу, тәуілігіне бес уақыт намаз оқу, Мал-мүліктің зекетін төлеу, жылына бір ай - яғни Рамазан айында ораза ұстау және жолға жарағандар үшін Меккедегі Қасиетті Үй - Қағбаға қажылық жасау.

Дінімнің нұсқаған кеудені кеңейту жолдарының бірі - әрдайым Алланың сөзі болған Құран оқуды көбейту. Қасиетті Құран - сөздердің ең шынайы, көркемі де ұлығы, бұрынғылар мен кейінгілердің білімдерін қамтыған ең салмақтысы.

Құранды оқу немесе тыңдау - оны оқушы немесе тыңдаушының жүрегіне; мейлі ол арабша білсін-білмесін, тіпті өзге дін өкілі болса да, тыныштық, рахат және бақыт кіргізеді.

Көкіректегі кеңейтетін амалдардың қатарына Аллаға көп дұға ету, Оған жүгіну және әрбір үлкенді-кішілі нәрсені тек Өзінен сұрау жатады.

Аллаһ Өзінен сұрап, құлшылықта Оған шын ықыласты болған құлына жауап береді.

Көкіректегі ашатын нәрселердің тағы бірі - Ұлы, Даңқты Алланы көп еске алу.

Пайғамбарым ﷺ мені Алланы еске алу жолдарына бағыттап, Алланы еске алудың ең абзал түрін үйретті.

Сол нәрселердің бірі - Құраннан кейін сөздердің ең абзалы болған келесі төрт сөз: Субханаллаһ, уә әл-Хамду лилләһ, Лә иләһа илләллаһ уә Аллаһу әкбар.

Сондай-ақ, "Астағфирулла" (Алладан кешірім сұраймын) және "Ләә хаулә уә ләә қууата илләә билләәһ" (Аллаһтың күш-қуатынан асатын ешқандай күш-қуат жоқ).

Бұл сөздердің көкіректің ашылуына және жүрекке "сәкина" (тыныштық) түсуіне ғажайып әсері бар. 46

Ислам діні маған қадір-қасиетімді биік ұстауды және адамгершілігім мен абыройымды төмендететін нәрселерден аулақ болуды бұйырады.

Сондай-ақ, ақылым мен дене мүшелерімді дініме және дүниеме; сол екеуіне пайдалы болу үшін жаратылған нәрселерге қолдануды бұйырады.

Ислам діні маған мейірімді, көркем мінезді болуды, қарым-қатынаста ізгілікті сақтауды және басқаларға сөзбен де, іспен де қолдан келгенше жақсылық жасауды бұйырады.

Адамдардың алдындағы өзіме бұйырылған міндеттердің ең үлкені - ата-ана ақысы. Дінім маған ол екеуін; әсіресе қартайған шағында, құрметтеуді, оларға жақсылық жасауды, оларды бақытты етуге ұмтылуды және оларға пайдалы болуды бұйырады.

Сондықтан мұсылман қоғамында ата-аналарды құрметтеу мен қошемет көрсету жоғары дәрежеде болып, балалар тарапынан оларға түрлі қызмет жасалып жатқанын көруге болады.

Сол себепті, ата-ана қартайып, түрлі ауруға немесе әлсіздікке шалдыққан сайын, балаларының оларға деген құрметі одан сайын арта түседі.

Дінім маған әйел затының биік мәртебеге ие екенін, оған қатысты ұлы міндеттер бар екенін үйретті.

Исламда әйелдер - ерлердің сыңары. Адамдардың ең жақсысы - отбасына ең жақсы болғандар.

Мұсылман қызды сәби кезінде емізу, асырап бағу және жақсылап тәрбиелеу құқығына ие. Дәл осы уақытта ол ата-анасы мен туыстарының көз айымы және жүректерінің қуанышы болып табылады.

Бой жетсе, құрметті де сыйлы жанға айналып, қамқоршысы оны қызғанып, қамқорлығымен қоршап тұрады.

Әрі қызын біреудің қолынан жамандық көруіне, тілінен жапа шегуіне немесе қиянат көзімен қарауына разы болмайды.

Егер тұрмысқа шықса, Алланың Сөзімен, Оның қатаң серті бойынша отау құрады.

Осылайша, ол күйеуінің үйінде аяулы жанға айналады.

Ал күйеуіне оны құрметтеу, оған жақсылықпен қарау әрі зиян келтіруден тыйылу міндеттеледі.

Қашан ол ана болса, оған жақсылық жасаудың міндеттілігі Алланың алдындағы міндеттермен қатарласып, оған қарсы келу және жамандық жасау - Аллаға серік қосу және жер бетін бүлдіру күнәлармен тіркесіп айтылады.

Егер біреудің апа-қарындасы немесе әпке-сіңлісі болса, ер туыстарына онымен араласу, құрметтеу және оны қызғану міндет болады.

Біреудің нағашы апасы болса, ол жиеніне жақсылық жасау және араласу жағынан анасы мәртебесінде болады.

Қашан ол әже немесе қарт анаға айналса, балалары мен немерелерінің, барлық жақындарының оған деген құрметі арта түседі. Айтқаны әрдайым орындалып, ойы әр уақытта ескеріледі.

Егер әлдебіреуге алыс (бөтен) болып, араларында туыстық болмай, тек көршілік байланыс болса, оған зиян келтірмеу, сұқтанып қарамау секілді Исламның басқа да жалпы құқықтары тиесілі болады.

Мұсылман қауымдары әлі күнге дейін осы құқықтарды лайықты түрде сақтап келеді. Бұл

әйелге өзге мұсылман емес қауымдарда кездеспейтін қадір-қасиет пен мәртебе сыйлады.

Сондай-ақ, Исламда әйелдердің меншік иелену, жалдау, сату, сатып алу құқықтарымен қатар, білім алу, білім беру және дініне қарсы келмеу шартымен жұмыс істеу құқықтары да бар.

Керек десеңіз, білімнің ішінде әрбір мұсылманға фарыз айн болған түрі бар. Оны орындамай, тәрк еткен ерлер де, әйелдер де күнәһар болады.

Шын мәнінде, әйелдің ерлерге болғандай құқықтары бар, тек ерлерге тән ерекшеліктерден бөлек, сол құқықтар мен үкімдер әрқайсысына лайықталып бекітілген, әрі бұл мәселелер тиісті орындарда толықтай баяндалған.

Менің дінім маған бауырларымды, әпке-қарындастарымды, ағайларымды, тәтелерімді, нағашыларымды, жиеншарларымды және барлық туыстарымды жақсы көруге бұйырады. Сондай-ақ, әйелімнің, балаларымның және көршілерімнің ақысын өтеуді бұйырады.

Дінім маған ілім үйренуге әрі ақылымды, мінезімді және ойымды дамытатын нәрсеге ынталандырады.

Ол маған ұятты болуды, қырағылық, жомарттық, қайсарлыққа, дана, байсалды,

сабырлық пен аманатшылдыққа, кішіпейілдікке, кешірімді, уәдеге берік болуға, адамдарға жақсылық қалау, ризық табуға еңбектенуге, кедей-кепшікке қайырымды болуға, науқастың көңілін сұрауға, уәдесінде тұруға, жақсы сөздер айтуға, адамдарды жылы шыраймен қарсы алуға, қолдан келгенше оларды бақытты етуге талпынуға бұйрады.

Сонымен бірге, айтылған нәрселерге қарама-қарсы надандықтан сақтандырып, маған күпірлік пен дінсіздікті, күнәлар мен арсыздықты, зинақорлық пен біржыныстылықты, тәкаппарлық пен көреалмаушылық, іштарлық пен жаман ойда болу, ырымшылдық пен жөнсіз қайғыру, өтірік айту және үмітсіздік, сараңдық пен жалқаулық, қорқақтық пен әрекетсіздік, адамдардың мал-мүлкін тартып алу, салғырттық, есалаңдық пен адамдарға зиян келтіру, пайдасыз сөзді көбейту, сырды ашу, опасыздық, уәдеден айну, ата-ананы ренжіту, туыстармен араласпау, балаларға қарамау, көршіні және жалпы адамдарды мазалаудан тыйым салды.

Ислам діні маған мас қылушы ішімдіктер ішуді, есірткі қолдануды, ақша тігіп құмар ойнау, ұрлық жасау, адамдарды алдау, айлакерлік қылу, оларды үрейлендіру, ізіне түсу, кемшіліктерін іздестіру секілді күнәлардан қайтарды.

Дінім Ислам мал-мүлкті қорғайды, сонымен ол бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Сондықтан, Ислам аманатшылдыққа қызықтырып, оған берік болғандарды мақтады және оларға дүниеде жайбарақат өмір, ал ақыретте жәннатқа кіруді уәде етті.

Дінім адамның жанын қорғайды. Сол себепті адамды заңсыз өлтіруге, басқаларға дұшпандықтың кез келгенін жасауға, тіпті сөзбен азар беруді де харам етті.

Керек десеңіз, Ислам діні адамның өзіне зиян келтіруіне де тыйым салған. Сондықтан адамға ақылын бүлдіру, денсаулығын құрту немесе өзіне қол салу – харам етіледі.

Дінім Ислам еркіндікке кепіл болып, еркіндік ұғымын реттеп береді.

Исламда адам ой еркіндігіне, сауда-саттық жасауға, кәсіппен айналысуға, жүріп-тұруға ерікті. Сондай-ақ өмірдің игілікті несібелерінен – тамақтану, сусын ішу, киім кию, есту секілді нәрселерден пайдалануына ерікті, тек өзі не өзгеге зиян тигізетін харам нәрсеге бармаса болғаны.

Дінім еркіндікті тәртіпке салады: ешкімге басқаға озбырлық жасауға рұқсат жоқ. Сондай-ақ адамның малын, бақытын және адамгершілігін құртатын, харам етілген ләззаттарға ерік берілмейді.

Өздерін барлық нәрселерде шексіз еркіндіктеміз, деп, дін немесе ақыл шектеулерін ескерместен көңілдеріне қалағанын беріп қойғандардың бақытсыздық пен қайғының ең төменгі дегейінде өмір сүріп жатқанын білесін. Сондықтан олардың кейбірінің қайғы-қамнан арылу үшін өзіне қол салуды ойлағанын көресін.

Дінім маған ішіп-жеудің, ұйықтаудың және адамдармен араласудың ең жоғары әдептерін үйретті.

Сондай-ақ дінім маған алып-сатуда және құқықтарды талап етуде кеңпейіл болуды үйретеді

Сонымен бірге, дін мәселесінде қарама-қайшы көзқарасты ұстанушыларға да кеңпейілдік танытуды: оларға әділетсіздік қылмауды, зиян тигізбеуді, керісінше, оларға жақсылық жасауды және оларға жақсылықтың жеткенін тілеуді де үйретеді. .

Мұсылмандардың тарихы олардың қарсыластарына; оларға дейін ешбір үммет білмеген кеңпейілдік танытқанына куәлік береді.

Мұсылмандар өздерімен бірге өмір сүрген түрлі дін өкілдерімен және мұсылмандардың ықпалында болған үмметтермен көркем қарым-қатынас жасады. Олардың мәмілесі –

адамдар арасындағы ең әдепті де ең әсем мәміле болды.

Қорыта айтқанда, Ислам діні маған әдептілікті, көркем қарым-қатынас жасау мен ізгі мінездердің нәзік тұстарын үйреткені соншалық, онымен менің тіршілігім тазарып, қуанышым кемелдене түседі.

Сондай-ақ ол маған тіршілігімді бұлдіріп, әлеуметтік мәртебеме, жаныма, ақылыма, мал-мүлкіме, абыройыммен ар-намысыма нұқсан келттіретін барлық нәрселерден тыйым салды.

Сол тағылым-нұсқауларды неғұрылым көп алсам, бақытты болуым да соғұрылым ұлғаяды.

Олардың қайсыбіріне немқұрайдылық танытып, кемшілік жіберген сайын, сол нұсқауларды азайтқан сайын менің бақытты болу ықтималым да азая түседі.

Жоғарыда айтқандарым менің қателеспейтін, бейкүнә, кемшілік жіберуі мүмкін емес адам екенімді білдірмейді. Дінім менің адами болмысымды, кейде әлсіз болатынымды ескереді. Сондықтан менен қате-кемшілік те, асыра сілтеу де орын алып тұрады. Сол үшін ол маған тәубе, истиғфар және Аллаға қайту есігін ашып қойды. Ал, тәубе кемшіліктерімнің іздерін жойып, Раббым құзырындағы мәртебемді көтеріп қояды.

Ислам дінінің ақида-сенім, ахлақ, әдеп және қарым-қатынасқа қатысты барлық

тағылымының дереккөзі – Қасиетті Құран мен Сахих Сүннеттен алынады.

Сөз соңында айтарым: әлемнің кезкелген жеріндегі адам Ислам дінінің шынайы мәніне әділдік және ынсап көзімен назар салса, оны қабылдаудан басқа шарасы қалмайды. Алайда, өкінішке орай, жалған үндеулер мен мұсылманшылық тағылымы олардан алынбайтын адамдардың қылықтарының салдарынан Исламның шынайы мәні бұрмаланып көрсетілуде.

Егер біреу оның шынайы мәніне, оны дұрыстап ұстанушылардың ахуалдарына назар аударатын болса, оны қабылдау және оған кіру мәселесінде екіленбейтін еді.

Сөйтіп, ол үшін Исламның адамзатты бақытқа жеткізуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті орнатуға, әділдік пен игілікті таратуға шақыратыны айқын болады.

Ал мұсылман санатында жүрген кейбіреулердің азды-көпті ауытқуларын дінге теліп, сол үшін дінді айыптауға болмайды. Керек десеңіз, діннің оған ешқандай қатысы жоқ.

Ал олардың ауытқуының салдары кесірі өздеріне ғана тиеді. Өйткені, Ислам діні ондайды бұйырмаған. Керісінше, оларды ондай ауытқудан сақтандырып, тыйған.

Сонымен қатар, нағыз әділдік – дінді шынайы ұстанып, оның бұйрықтары мен үкімдерін өздеріне де, өзгелерге де орындап жүргендердің жағдайына назар аударуды талап етеді. Өйткені бұл жүректерді осы дін мен оны ұстанушыларға деген құрмет пен тағзымға бөлейді.

Ислам кішісі, үлкені деместен қандай жақсылық болсын оған қызықтырып, үндеу жасайды; ал жамандық пен бұзақылықтан сақтандырып, олардың жолын бөгейді

Осы арқылы дінді биік тұтқан, оның рәсімдерін орындаған адамдар ең бақытты болып, жан тәрбиесі мен мінез-құлықта, көркем қасиеттерде ең жоғары деңгейге жетеді. Бұған жақын да, алыс та, келісетін де, қарсы келетіндер де куә болады.

Ал діндеріне селқостық танытып, тура жолдан тайып кеткен мұсылмандардың ахуалына ат үсті қарау әділдікке жатпайды. Керісінше, бұл – әділетсіздіктің өзі.





رسالة الحرمين

Message of The Two Holy Mosques

Guidance content for the visitors of the Holy Mosque and
the Prophet's Mosque in languages.

